# Әкімшілік реформаның негізгі бағыттарын тусіндіру жөніндегі медиа-жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 15 шілдедегі N 191-ө Өкімі

Әкімшілік реформаның негізгі бағыттарын түсіндіру және ақпараттық қолдау жөніндегі тиімді жұмыстарды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған әкімшілік реформаның негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі медиа-жоспар (одан әрі - медиа-жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) медиа-жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын;

2) 2008 жылғы 5 қазанға және 2009 жылғы 5 қаңтарға медиа-жоспардың орындалуы жөніндегі есептерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2008 жылғы 15 қазанға және 2009 жылғы 15 қаңтарға медиа-жоспардың орындалуы жөніндегі жиынтық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Медиа-жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 15 шілдедегі N 191-ө өкімімен бекітілген

## Әкімшілік реформаның негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі медиа-жоспары

Осы медиа-жоспар әкімшілік реформаны іске асыру мәселесі бойынша кеңейтілген жарияланымдардың, теле- және радиосюжеттердің, ақпараттық хабарламалардың, сұхбаттардың, комментарийлер мен үндесулердің шығуын көздейді. Осы жоспар әкімшілік реформаның (бұдан әрі - реформа) тұжырымдамалы ресімділігін көрсету үшін әзірленді.

Бұл ретте, ерекше екпін өкілеттіктерді бөлу, қосарлану мен жауапсыздықты болдырмау, мемлекеттік емес құрылымдардың функцияларының бір бөлігін беру жөніндегі мақсатты түсіндіруге жасалатын болады. БАҚ-тағы жекелеген бағыттар

халықаралық тәжірибенің ашықтығы, мотивациясын арттыруға арналған реформаның бағыттылығы, жұмыс сапасы мен мемлекеттік қызметшілердің имиджін жақсарту жөніндегі жұмыс болмақ.

| Р/с N | Іс-шараның атауы | Бұқаралық ақпарат құралдары | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. Ұйымдастыру іс-шаралары | | | | |
| 1 | Электронды үкіметті енгізу мәселелері жөніндегі Интернет-конференция ұйымдастыру | Электронды үкіметтің сайты, "Қазақпарат" | АБА | 2008 жылғы шілде |
| 2 | Республикалық телеар-налар хабарларының бірінің шеңберінде мемлекеттік қызмет стандарттарын енгізу мәселелерін ұйымдастыру | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақ-стан" ТРК | МҚА (келісім бойынша), Әділетмині, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2008 жылғы шілде |
| 3 | Бағдарламаны іске асыру туралы кең түрдегі жарияланымдардың, теле- және радиохабарлардың (жаңалықтар, талдама-лық, интерактивті), ақпараттық хабарлардың, сөздердің, сұхбаттар-дың, жұртшылық өкілдері үндесулерінің шығуын қамтамасыз ету | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республика-лық БАҚ-тар | МАМ | 2008 жылғы шілде - желтоқсан |
| 4 | Республикалық БАҚ-ты шақыра отырып, халыққа қызмет көрсету орталық-тарында азаматтарға қызмет көрсету сапасын жақсарту жөнінде жұрт-шылық және азаматтық қоғам институттары өкілдерімен дөңгелек үстел өткізу | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республика-лық БАҚ-тар | Әділетмині, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2008 жылғы тамыз |
| 5 | ЭБЖМ басшылығының бюджеттік процессте жаңа тәсілдерді енгізу мәселелері бойынша бас-пасөз-мәслихатын өткізу | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республика-лық БАҚ-тар | ЭБЖМ, МАМ | 2008 жылғы тамыз |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру жөнінде Интернет-конфе-ренция өткізу | "Қазақпарат" ҰА сайты | Әділетмині, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2008 жылғы қазан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ғ.Р. Әбдірахимовтің кадр саясаты тұжырымдамасы бойынша баспасөз-конференция өткізу | Республикалық БАҚ-тар | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы қазан |
| 8 | Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасының әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша баспасөз-конференция өткізу | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық БАҚ-тар | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы желтоқсан |
| 9 | Халыққа мемлекеттік қызметті ұсыну стандарттарын енгізу жөніндегі қорытылған талдамалық материалдармен БАҚ-ты қамтамасыз ету | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық БАҚ-тар | МҚА (келісім бойынша), Әділетмині, МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2008 жылғы желтоқсан |
| 10 | Мемлекеттік қызметті кадрмен қамтамасыз ету жөнінде қорытылған ақпаратпен БАҚ-ты қамтамасыз ету | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық БАҚ-тар | МҚА (келісім бойынша), Әділетмині, МАМ | 2008 жылғы желтоқсан |
| **2. Ақпараттық жұмыс** | | | | |
| 11 | Өңірлік оқыту орталықтарының қызметі туралы мақала жариялау | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық БАҚ-тар | МҚА (келісім бойынша), Әділетмині, МАМ | 2008 жылғы шілде |
| 12 | Мемлекеттік органдардың қызметінде мемлекеттік қызмет стандарттарын енгізу жөнінде МҚА басшылығының сұхбатын жария ету | "Казахстанская правда", "Литер" республикалық газеттері | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы шілде |
| 13 | Мыналарды:<br>электронды үкіметті енгізу мәселелері бойынша;<br>мемлекеттік қызмет көрсетудің менеджмент сапасы жүйесі бойынша ақпараттық роликтерді дайындау және оның прокаты | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" ТРК | МҚА, АБА, МАМ, Әділетмині | 2008 жылғы қыркүйек-желтоқсан |
| 14 | Мыналарды:<br>Ел өңірлерінде МҚА тәртіптік кеңестерінің қызметі туралы;<br>нәтижелерге бағытталған | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" ТРК | МҚА (келісім бойынша), МАМ<br>МАМ, ЭБЖМ | 2008 жылғы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | стратегиялық жоспарлау және бюджеттендіру бойынша тележурналдар дайындау және оның прокаты | | | тамыз - желтоқсан |
| 15 | Атырау облысы бойынша МҚА басқармасының бастығы - Тәртіптік кеңестің төрағасы М.К. Ізбановтың өңірлік деңгейдегі әкімшілік реформаның мақсаттары мен міндеттері туралы мақаласын жариялау | "Казахстан-ская правда" республика-лық газеті | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы шілде |
| 16 | Электронды үкіметті (e-Goverment) енгізу мәселесі бойынша ғалымдар мен сарапшы-лардың сұхбаты | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" ТРК | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы тамыз |
| 17 | ВАК жұмыс тобы мүшеле-рінің мемлекеттік қызметті кадрмен қам-тамасыз ету жөніндегі сұхбатын ұйымдастыру | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республика-лық БАҚ-тар | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы шілде |
| 18 | МҚА басшылығының мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары бойынша мақаласын жариялау | "Айқын", "Республика. kz" респуб-ликалық газеттері | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы шілде |
| 19 | Басқарушылардың жаңа генерациясын даярлау туралы ақпарат жариялау | "Егемен Қазақстан", "Казахстан-ская правда" республикал-ық газеттері | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы шілде |
| 20 | Әділетмині басшылығының ХҚО-ның жұмысы туралы сұхбаты | "Егемен Қазақстан" республика-лық газеті | Әділетмині, МАМ | 2008 жылғы тамыз |
| 21 | Қазақстан Республикасы-ның Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жұмысы туралы мақала жариялау | "Егемен Қазақстан", "Казахстан-ская правда" республикал-ық газеттері | МБА (келісім бойынша), МАМ, Әділетмині | 2008 жылғы тамыз |
| 22 | ВАК басшысының ВАК жанындағы әкімшілік кедергілерді азайту және әкімшілік | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақ-стан" ТРК, | Әділетмині, МАМ | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | регламенттер мен рәсімдерді оңайлату мәселелері жөніндегі сұхбаты | "Егемен Қазақстан" республика-лық газеті | | 2008 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жылғы қыркүйек |
| 23 | ВАК мүшелерінің мемлекеттік қызметті реформалау, мемлекеттік қызмет стандарттарын әзірлеу және енгізу мәселелері жұмыс тобы қызметінің барысы туралы сұхбаты | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" ТРК, "Егемен Қазақстан" республикалық газеті | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы қыркүйек |
| 24 | Қаржымині, ЭБЖМ, Әділетмині, ОҚО әкімдігіндегі пилоттық жобаның іске асырылу барысы туралы мақалалар циклін ұйымдастыру | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық БАҚ-тар | ЭБЖМ, Әділетмині, Қаржымині, ОҚО әкімдігі, МАМ | 2008 жылғы қыркүйек |
| 25 | Республикалық БАҚ-тарда ХҚО-ның жұмысы туралы ақпараттық материалдар циклін ұйымдастыру | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық БАҚ-тар | Әділетмині, Қаржымині, МАМ | 2008 жылғы қыркүйек |
| 26 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселесі бойынша республикалық БАҚ-тарда материалдар циклін ұйымдастыру | Мемлекеттік тапсырысты орындайтын республикалық БАҚ-тар | МҚА (келісім бойынша), МБА (келісім бойынша) | 2008 жылғы қыркүйек |
| 27 | Қызылорда облысы бойынша МҚА басқармасының бастығы - Тәртіптік кеңестің төрағасы М.Нәлібаевтың өңірдегі әкімшілік реформаны іске асыру туралы мақаласын жариялау | "Егемен Қазақстан" республикалық газеті | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы қазан |
| 28 | МҚА тәртіптік кеңестер отырыстарының қорытындылары бойынша материалдарды БАҚ-тарда кеңінен жариялауды ұйымдастыру | Республикалық БАҚ | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы қазан - қараша |
| 29 | Әкімшілік реформаны өткізу жөнінде ВАК мүшелерінің қатысуымен әкімшілік реформаның негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі талдау хабарларын дайындау | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" ТРК | ЭБЖМ, МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы қараша |
| 30 | | | ЭБЖМ, МАМ | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ЭБЖМ басшылығымен нәтижеге бағдарланған стратегиялық жоспарлау мәселелері бойынша сұхбат | "Егемен Қазақстан", "Литер" рес-ликалық газеттері | | 2008 жылғы қараша |
| 31 | "Зияткерлік ұлт - 2020" жоба бағдарламасын әзірлеу барысы туралы | Республика-лық БАҚ-тар, "Болашақ" түлектері қауымдасты-ғының сайты | МҚА (келісім бойынша), МАМ | 2008 жылғы қараша |
| 32 | ЭБЖМ басшылығының Қазақстан Республика-сында нәтижелерге бағдарланған жаңа мем-лекеттік жоспарлау мен бюджеттендіру жүйесін енгізу жөнінде істелген жұмыс туралы сұхбаты | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" ТРК | МАМ, ЭБЖМ | 2008 жылғы желтоқсан |
| 33 | Өңірлердегі ұнамды және үлгілі жұмысымен танылған мемлекеттік қызметшілер туралы бейне сюжеттердің прокаты | "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" ТРК | МАМ, МҚА (келісім бойынша) | 2008 жылғы желтоқсан |

**Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

МБА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік басқару академиясы

ВАК - Әкімшілік реформаны жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссия

ОҚО - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

ХҚО - Халыққа қызмет көрсету орталығы

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК